

Ережеге өзгерту енгізуді тіркеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 26 тамыздағы N 93 қаулысы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 28 қазанда тіркелді. Тіркеу N 22. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 2 қазандағы N 143 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 143 қаулысымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының осымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3

4. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау

агенттігі Басқармасының

2008 жылғы 2 қазандағы

N 143 қаулысына осымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Мына нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) ;

2) Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының "Ережеге өзгерту енгізуді тіркеу туралы" 1996 жылғы 26 тамыздағы N 93 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 22 тіркелген);

3) . . . ;
4) . . . ;
5) . . . ;
6) . . . ;
7) . . . ;
8) . . . ;

9)

Республикадағы жекешелендіру процесінің аяқталуының және мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде құрылған акционерлік қоғамдардың құнды қағаздар эмиссиясын тіркеу процедурасын жүргізуді жеделдетудің экономикалық мақсатқа сәйкестілігіне байланысты, Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қ а у л ы е т е д і :

Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 15 ақпандағы N 18 V960161_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдар шығарған акцияларды тіркеу және қайта тіркеу тәртібі туралы Ережеге төмендегідей өз г е р т у е н г і з і л с і н :

- жоғарыда аталған Ереженің 2 тарауының 2 тармағының б) тармақшасы төмендегідей редакцияда баяндалсын: "б) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасының шеңберінде құрылған акционерлік қоғамдар осы Ереженің N 2 қосымшасында қарастырылған деректер тізімі мен тәртіпке сәйкес жасалған, жетекші, бас бухгалтер, тексеру комиссиясының төрағасы қол қойып, акционерлік қоғамның мөрімен куәландырылған эмиссия проспектісін ұ с ы н у к е р е к .

Оған қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы "Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі Ережені бекіту туралы" N 562 P960562_ қаулысына сәйкес жасалған жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау актісін, ал ол жоқ болған жағдайда, эмитенттің тұрақты қаржы жағдайы мен төлем қабілеттігі туралы аудиторлық қорытындыны ұсыну керек".

Т ө р а й ы м